

Г.А. Ильясова\*, Р.А. Токатов

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан  
(E-mail: g.iliasova@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-6289-8325, Scopus Author ID: 57197811182,  
Researcher ID WOS: AAR-6742-2020, tokatov77@mail.ru)

## Мемлекеттік тілдегі терминдерді азаматтық заңнамада қолдану мәселелері (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімінің мәтіні бойынша)

Мақалада Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі мәтіндеріне жүргізілген лингвистикалық сараптама нәтижелері қорытындыланған. Зерттеу жүргізудің мақсаты ҚР «Құқықтық актілер туралы» заңының 24-бабының 3-бөліміне сәйкес нормативтік құқықтық актілердің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын қамтамасыз етуді жүзеге асыру бойынша ҚР Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлімінің) екі тілдегі мәтіндеріне салыстырмалы лингвистикалық-құқықтық сараптама жүргізу арқылы заңдық терминдердің аудармасындағы сәйкессіздіктерді айқындау, терминологияның дұрыс аудармасын ұсыну болып табылады. Сараптама нәтижелері авторлардың «Заңдық терминдердің бірегей қазақ тіліндегі сөздігін» құрастыруға негіз болады. Заңдық терминдердің көпшілігі ағылшын, француз, латын тілдерінен енгізілген, сондықтан дүниежүзі бойынша өзгертілместен қолданылып жүр. Сонымен қатар мақалада ұлттық заңнамада шет тілінен енгізілген заңдық терминдерді қазақ тіліне аудармай түпнұсқа түрінде қолдану туралы пікір қозғалған. Халықаралық заң терминдерін аударған жағдайда оның мағынасы дәлме дәл сәйкес келе бермейді, екінші жағынан түрлі ұқсас сөздерді қолдану арқылы заңның сапасын жоғалтып аламыз деген ой айтылады. Қорытындыда азаматтық заңнамадағы заңдық терминдердің дұрыс аударылуын қамтамасыз ету үшін оларды біріздендіру, стандарттау қажет деген ұсыныс берілген.

*Кілт сөздер:* заңның тілі, заңдарды аудару, заңдық терминология, теңтүпнұсқалық, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім), қазақ тілі, заңдық техника, лингвистикалық сараптама.

### Кіріспе

Заңның тілі — заңдар сапасының көрінісі. Заңдардың сапасы — қоғамның құқықтық жағдайын, өркениеттілігін сипаттайтын көрсеткіш деп түсінеміз. Заңдар нәтижелі жұмыс жасауы үшін, оның тілі түсінікті, терминдері бірегей, халықаралық деңгейде қолданылып жүрген заңдық терминдерге сәйкес келуі тиіс. Заңдардың қазақ тіліндегі аудармасының сапасын қамтамасыз ету бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі екендігі көпшілікке мәлім.

Зерттеу тақырыбының мақсаты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің Ерекше бөліміне ҚР «Құқықтық актілер туралы» заңының 24-бабының 3-бөліміне сәйкес аталмыш заңның қазақ және орыс тіліндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығы талаптарына сәйкестігін тексеру болып табылады [1]. Заңның баптарына лингвистикалық сараптама жүргізу арқылы талаптарға сәйкессіздіктерді айқындау, заңдық терминдерді дұрыс аудармау салдарынан мән-мағынасының бұзылуын анықтау, оларды түзету арқылы дұрыс аудармасын ұсыну жұмыстарын жүргізу.

Қазіргі таңдағы кез келген мүліктік және мүліктік емес қатынастар Азаматтық кодекс арқылы реттелетіні мәлім. Азаматтық кодекстің маңыздылығын заң ғылымдарының докторы, академик Майдан Сүлейменов былай деп атап өткен: «Республикамызда Азаматтық кодекстің қабылдануына дейін көптеген экономикалық байланыстарды реттейтін көптеген түр мен бағыттардағы заңдар қолданысқа енгізілген. Алайда, олар бір-біріне тәуелсіз қабылданғандықтан, бір-бірімен жеткілікті деңгейде байланысты болмаған, көптеген қателіктер, бірдей немесе ұқсас сұрақтарды шешу жолы бір-біріне қайшы келетін жағдайлар аз болмаған. Осының барлығы құқықтық реттелуі тиіс экономикалық қатынастардың негізгі аспектілерін қамтитын, көп деңгейлі жүйелі заңнаманы тез арада жасау қажеттілігін туындатты. Осы міндетті Азаматтық кодекс атқарды» [2]. Дегенмен, қазіргі таңда біз қолданып жүрген қазақ тіліндегі Азаматтық кодекстегі кездесетін қателер көз сүріндіреді.

\*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: g.iliasova@mail.ru

Адами факторлар нәтижесінде заңнамада бір-екі қате кездесері анық, алайда кодекстің көптеген баптарынан белгілі бір дұрыс аударылмаған сөз, терминдер мен түсініксіз ұғымдарды кездестіруіміз, мемлекеттік тілдегі заңнаманың сапасына немқұрайлы қараудың кесірі болып табылады. Осы қателіктерді тереңірек талдау үшін, ҚР Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімінің 25-тарауынан басталатын мүлікті меншікке беру міндеттемелеріне кіретін «Сатып алу-сату» шартын қарастырамыз.

### *Әдістер мен материалдар*

Мақала тақырыбына зерттеу жүргізу барысында мынадай әдістер қолданылды: анализ, синтез, жинақтау, салыстыру, модельдеу тәрізді теориялық талдаудың жалпы логикалық әдістері. Алға қойылған міндеттерді шешу үшін техникалық-құқықтық талдау, нақтылау, түсіндіру, салыстырмалы-құқықтық талдау әдістері қолданылды.

Зерттеудің теориялық негізі ретінде ғалымдар М.К. Сүлейменовтің, Ш. Құрманбайұлының, ҚР Заң шығару институты Лингвистика орталығының ғылыми қызметкерлері Г.К. Ақылбекованың, М.Ә. Әбдірееваның, Е.С. Сафуанидің, М.Б. Асылбаевтың мерзімдік басылымда жарияланған ғылыми мақалаларына талдаулар жасалды. ҚР «Құқықтық актілер туралы» заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) қазақ тіліндегі және орыс тіліндегі мәтіндеріне салыстырмалы лингвистикалық сараптама жүргізіліп, нәтижелері талқыланды.

### *Нәтижелер*

ҚР Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімінің қазақ тіліндегі мәтінде аударма жасау барысында жіберілген қателіктер тым көп орын алған. Осы қателіктерді тереңірек талдау үшін, ҚР Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімінің 25-тарауынан басталатын мүлікті меншікке беру міндеттемелеріне кіретін «Сатып алу-сату» шартын қарастырайық.

Азаматтық кодекстің 406-бабына назар аударар болсақ: «Сатып алу-сату шарты бойынша бір тарап (сатушы) мүлікті (тауарды) екінші тараптың (сатып алушының) меншігіне, шаруашылық жүргізуіне немесе жедел басқаруына беруге міндеттенеді, ал сатып алушы бұл мүлікті (тауарды) қабылдауға және ол үшін белгілі бір ақша сомасын (бағасын) төлеуге міндеттенеді» [3]. Осы мәтіндегі «жедел» сөзі, орыс тілді мәтінде «оперативный» деп жазылған, алайда оның қазақша баламасына тура мағынада аударылуы дұрыс емес. «Оперативный» сөзі іс жүзінде «жедел» емес, «оралымды басқару» деп жаза отырып, біз бұл қателікті жөндей аламыз. Бір қызығы, бұл бапта қате аударылған сөз, 412-бапта тура сол сөз тіркесімен бірге «оралымды басқару» деп дұрыс аударылған.

«Определить» сөзі белгілі бір істі нақтылау, анықтау ұғымын білдіру үшін қолданылады. Сонымен қатар осы 406-баптың 3-тармақшасындағы «определяются» сөзі қазақша аудармасында «белгіленеді» деп аударылған. «Белгіленеді» деген белгілі бір затты басқалардан ерекше болатындай айрықшалау деген түсінікке келіңкірейді. «Белгіленеді» сөзінің аудармасы орыс тілінде «обозначить, выделить, наметить» деген мағыналар бергендіктен, бұл сөзді тіпті «определить» сөзімен синоним ретінде де қарастыра алмаймыз, осы бапта «белгіленеді» сөзі өзінің дұрыс нұсқасында «анықталады» сөзімен жазылуы тиіс. Сонымен қатар 409-баптағы кездесетін «определяется договором», «не позволяет определить срок» деген сөз тіркестерінде бұл сөз қазақша «шартта белгіленеді», «егер шартта мерзімді белгілеуге мүмкіндік болмаса» деп «белгілеу» болып аударылған. Сондықтан оларды да «определяется договором» — «шартпен анықталады», «не позволяет определить срок» — «мерзімді анықтауға мүмкіндік бермейді» деп аударған жөн.

Сонымен қатар осы 406-баптың 6-тармақшасындағы орыс мәтіндегі «При продаже имущества в порядке, установленном для исполнения судебных решений, в качестве продавца выступает судебный исполнитель» деген сөйлеміндегі «выступает» сөзін қазақ мәтінде «шығады» деп аударған. Бірақ оның орнына «әрекет етеді» сөз тіркесін қолданған дұрыс деп ойлаймыз. Сонда бұл баптағы 6-тармақша «Сот шешімдерін орындау үшін белгіленген тәртіппен мүлікті сату кезінде сот орындаушысы сатушы ретінде әрекет етеді» деп жазылуы тиіс деп санаймыз.

Сондай-ақ 407-баптың 2-тармақшасындағы «Договор может быть заключен на куплю-продажу товара, имеющегося в наличии у продавца в момент заключения договора, а также товара, который будет создан или приобретен продавцом в будущем, если иное не установлено законодательными актами или не вытекает из характера товара» деген сөйлемдегі «создан» сөзін қазақ мәтінде «шығаратын» деп аударған, бірақ біздің ойымызша дұрысы «жасалатын» деген сөзді қолданған жөн. Себебі орыс тіліндегі «создан» деген сөз «жарыққа шығару, жасау, құру» деген мағыналар береді. Осылардың ішінде мағынасы жағынан «жасау» сөзін қолдану дұрыс деп ойлаймыз. Сонда ол

Азаматтық кодекстің 407-бабы 2-тармақшасы қазақ тілінде «Шарт жасасқан кезде сатушының қолында бар тауарды, сондай-ақ заң актілерінде өзгеше белгіленбесе немесе тауардың сипатынан өзге жағдай туындамаса, сатып алушының болашақта жасалатын немесе сатып алатын тауарын сатып алу-сатуға шарт жасалуы мүмкін» деп аударуды ұсынамыз.

Осы баптан кейінгі 410-баптың 2-тармақшасында орыс тіліндегі мәтіндегі «предоставления товара в распоряжение покупателя, если товар должен быть передан покупателю или указанному им лицу в месте нахождения товара» деген сөйлемдегі «указанному» деген сөзін осы кодекстің қазақ мәтінінде «атаған» деп аударған, бірақ ресми аудармаларды бұл «указанному» деген сөзін «айтылмыш, көрсетілген» деген сөздермен аударған. Осыған орай бұл жерде «указанный» сөзі «көрсетілген» деген сөзбен аударса дұрыс болар еді.

Ерекше бөлімде он шақты рет кездесетін «қисынды мерзім» сөзін қарапайым адамның қандай мерзімді меңзеп тұрғанын түсінуі екіталай. Орыс тіліндегі «разумный срок» «ақылға қонымды, орынды уақыттағы мерзімді» білдіреді, ал «қисынды» сөзі қайдан шыққан? «Қисынды ой», «қисынды сөз» деген сөздеріне сәйкес келетін бұл сөз «мерзім» сөзіне тіркелуі мүлдем түсініксіз. Осы сөзді «ақылға қонымды мерзім» деп аударсақ, адамдардың қазақ тіліндегі түсінбеген ұғымдарын түсіну үшін орыс тіліндегі кодекске сүйенуіне жол бермеуші едік.

Қазіргі кезде банктер, нарық жүйесі, қаржылық ұйымдар жедел дамуда. Бүгінгі таңдағы қаржыға байланысты орындардың адамдарды баурау әдісі өте көп: әртүрлі кэшбектер, бонус, ұтыс ойындары, тиімді несиелер арқылы адамдарды өзінің «тиімді мүмкіндіктеріне» түсіріп, пайдаға кеңелуде. Осы қатардағы сөздерден жарнамасы жиі кездесетін «рассрочка» сөзі кодекстің 442-бабында «тауарларды бөліп-бөліп төлеу» деп аударылған. Қазақ тілі грамматикасына сүйенсек, «бөліп-бөліп» сөзі күшейтпелі шырай болуы қажет, ал шырай қызметі берілген сөздің мағынасын одан әрі еселеу мақсатында болғандықтан, бұл орында оның қысқартылып «бөліп төлеу» деп жазылуы әлдеқайда дұрыс болады. Бес-алты рет кездесетін бұл сөздің осылай қысқартылып берілуі де, оқуға жеңіл болады. Қазіргі таңда бәріміз білетін «кредит» сөзі де кодексте кейбір жерлерінде «несие» деп аударылған, ал кей жерлерінде аударушы мамандар орыс тіліндегі нұсқадағы «кредит» сөзін сол қалпы қазақ тіліндегі кодекске енгізген.

ҚР АҚ-дегі 447-баптың атауы — «Публичная оферта товара», қазақ тілді нұсқасында «Тауардың көпшілікке арналған офертасы» деп берілген. Сөздіктерге сүйенсек, «публичная» сөзі қазақша «жария» деген сөзбен аударылады, ал «көпшілікке арналған» деген орыс тіліне аударсақ «для большинства» деп аударылады [4: 36]. Тура осы мағынадағы 482-бапта кездесетін «является публичным» сөзі «жария болып табылады» деп дұрыс нұсқасында аударылған.

Азаматтық кодекс ең бірінші кезекте барша халық үшін қажет болып табылғандықтан, оның нақты және бірізді жолмен жазылуы маңызды болып табылады. Сол себепті де осы тұста «публичная оферта товара» «тауардың жария офертасы» сөз тіркесімен алмастырыла аударылуы қажет. Тауарға алдын-ала ақы төлеу туралы жазылған 440-баптың орыс тіліндегі мәтінінде кездесетін «частично» сөзі «ішінара» деп аударылған. «Ішінара төлеу» сөз тіркесін көрген сәтте оның қандай төлемді меңзеп тұрғанын аңғару қиын, сол себепті «уплатить цену частично» сөзі «бағасын жартылай төлеу» деп ауыстырылуы қажет, себебі «ішінара» сөзінің мағынасы сөздікке сүйенсек «кейде» немесе «ара-тұра» болады [5].

Сатып алу-сату шарттары жасалған кездегі тауардың сапасы да әртүрлі жағдайда болары анық, кей тауарлар шартқа сәйкес сапалы болса, кей тауарлар бекітілген сапаға сай емес болуы мүмкін. Осындай мәселелер кезінде құқықтық қатынастарды реттейтін заңнама баптарында тауар сапасыздығын білдіретін сөз тіркесі әртүрлі берілген. Мәселен, орыс тіліндегі кодексте «ненадлежащее качество» сөз тіркесі 428, 435-інші баптарда «тиісті сапасы жоқ», 455, 456, 471, 473-інші және 476-бапта «сапасы лайықсыз», 499-бапта «сапалы емес» деп жазылған. Осы сөздердің барлығын жүйелі түрде біріздендіріп «тиісті емес сападағы» деп ауыстыру қажет деп санаймыз.

ҚР АҚ-нің 478-бабында кездесетін «переработка», «переработка сельскохозяйственной продукции» сөздері «ұқсату», «ауыл шаруашылық өнімін ұқсату» деп аударылған. «Ұқсату» сөзі орыс тілінде «уподоблять», «имитация», «переработка» деп аударылады, бірақ бұл сөздер мағынасы жағынан 478-баптың 1-тармақшасындағы орыс тіліндегі мәтіндегі «По договору контрактации производитель сельскохозяйственной продукции обязуется передать выращенную (произведенную) им сельскохозяйственную продукцию заготовителю — лицу, осуществляющему закупки такой продукции для переработки или продажи» деген анықтамадағы «переработка» сөзінің орнына «ұқсату» сөзі нақты келмейтінін байқадық. Кодекстегі «ұқсату» сөзі «өңдеу» сөзімен алмастырылуы

кажет, сол кезде «ауыл шаруашылық өнімін өңдеу» сөйлемі қазақ тіліндегі өзінің дұрыс мағынасына ие болады.

Сонымен қатар, ең жиі кездесетін сөздердің бірі «өткізу актісіне» тоқталсақ. Орыс тіліндегі мәтіндегі «передаточный акт» қазақ тіліне «өткізу актісі» болып аударылады, алайда тура осы түбірдегі «передача» сөзі «беру» деп аударылады. Яғни, екеуінің арасындағы сәйкессіздік қазақтілді мәтінде мүлде байланыссыз сөздер сипатында болып тұр. Сол себепті, дұрыс нұсқасында «өткізу актісі» — «беру актісі» болып өзгертілуі тиіс, сол кезде «беру актісі» және «беру» сөздері түсініктірек болады.

ҚР АҚ-нің 25-ші тарауының 4-ші параграфында қарастырылған «контрактация» термині, қазақ тіліндегі 447-бапта «келісім-шарт жасасу» деп аударылғанымен, 406-баптың бесінші тармағында «контрактация» термині сол қалпы жазылған. Бірізділік қағидасын сақтау мақсатында шет тілінен алынған терминдерді кодексте аудармай-ақ сол нұсқасында қалдырғанды жөн деп есептейміз. Алысқа кетпей-ақ, осы параграфтың 478-бабындағы «о договоре поставки» сөз тіркесі «тауар беру шарты туралы» деп аударылып, 458–477-баптарға сілтеме жасалынған. Алайда сілтеме жасалған баптарда «договор поставки» сөз тіркесі «тауар жеткізілімі шарты» деп берілген. «Поставка» сөзі «жеткізілім» деп аударылуы дұрыс нұсқа, сол себепті де 478-бапта кездесетін қателікті «тауар жеткізілімі шарты туралы» деп жөндеу қажет.

Азаматтық кодекстің ерекше бөліміндегі қай бапты ашып қарасаңыз да, орыс тіліндегі мәтінде «законодательные акты», «законодательство» сөздері «заң актілері», «заңдар» болып аударылған, алайда осы сөз тіркестері де дұрыс нұсқасында «заңнамалық актілері», «заңнама» болуы қажет еді, себебі «заңдар» ұғымы «законы», ал «заңнама» ұғымы «законодательство» деп аударылады.

#### *Талқылаулар*

Заңдардың жобалары әуел бастан орыс тілінде дайындалып, Парламентке келіп түскенде орыс тілінде пысықталады. «Парламент отырыстарының жұмыс топтарында да заңның орыс тіліндегі мәтіні сала мамандарының, заңгерлердің сұрыпталуынан, ой зерделеуінен өтеді. Ал, қазақ тіліндегі мәтін аударма күйінде қалып, мамандардың сұрыптауынан өтпейді» деп атап көрсетеді Парламент депутаттары [6: 2].

Ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізуші мамандардың тәжірибесінен белгілі болғандай, заң жобаларының қазақ және орыс тіліндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын (сәйкестігін) сараптау барысында заңдарды аудару сапасы бойынша анықтаған төмендегідей проблемаларды тізіп көрсетеді:

а) заң жобаларында тұтастай абзацтар, бап немесе тараулардың сәйкес келмеуі салдарынан қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің теңтүпнұсқалығы сақталмауы;

ә) әзірлеушілер нормативтік-құқықтық актілер жобаларында атауларды, жобаның тақырыптарын, ұғымдық аппаратын мазмұндауда заңнамалық актілердің қолданыстағы редакциясын басшылыққа алмау фактілері жиі орын алатындығы анықталды;

б) 6-тармақтағы талап: мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың атаулары ресми атауына сәйкес емес, аудармашылардың өз бетінше аудару мысалдары жиі кездеседі. Сол сияқты қолданыстағы құқықтық актілер атауларын, тараулардың, баптардың тақырыптарын беруде осындай сипаттағы кемшіліктер жиі кездесетіндігі анықталды;

в) 7-тармақта көрсетілген талап ішінара сақталады. Іс жүзінде заң жобасындағы терминдер мен анықтамалардың орыс тілінде жазылған ретке сәйкестендірілу тәжірибесі жиі орын алады» [7].

Заңдардың қазақ тіліндегі мәтіндеріне сараптама жүргізу барысында құқықтық нормалардың қазақ тілінде дұрыс жазылғанын, керісінше орыс тілінде қате жазылған нормалар айқындалды. Бұл фактіні мамандар да растайды: «Кейде орыс тіліндегі мәтінде ешқандай мән-мағынасының болмайтынын атап кеткен жөн, осының себебінен нормативтік-құқықтық актілердің ережелерін түсінуде қиыншылықтар туады» [8].

Заңдарды аудару мәселесінде кездесетін проблема — шет тілінен енгізілген заңдық терминдерді қазақ тіліне аудару. Кейде терминдерді аудару мәнісін сақтамайтын, шешімі табылмайтын жағдайлар да кездеседі. Мәселен, контрактация, интеллект, реквизиция, субсидиар, лицензия, т.б. Қазақ тілі — бай тіл болғандықтан көптеген синонимдерді қолданып, шет тілінен енгізілген терминдерді аударамыз деп оның мән-мағынасын өзгертіп алуымыз мүмкін. Керісінше, шетел терминдерін өзгертпестен сол қалпында қолдансақ, одан тіліміз байи түсер еді деген ойдамыз.

Бұған қатысты сарапшы мамандар мерзімдік басылымдарда «...ұлттық заң терминологиясын байыту, жалпы көпшілік қабылдаған сөздерді термин ретінде енгізу, дүниежүзінің дамыған мемлекеттері қолданып жүрген терминдерді қазақ тілінің транскрипциясымен жазып, оларды өзіміздің төл сөзімізге айналдыру орынды болар еді» деген пікір білдірген [9].

Біз бұған дейінгі жарияланған еңбектерімізде заңдардың мәтіндерін орыс тілінен қазақ тіліне аударма жасайтын қазақ тілді заңгерлер емес, заңгер мамандығы екінші болып табылатын филолог-тіл мамандар екенін айтқан болатынбыз. Өкінішке орай, бұндай іске қазақша заң жаза алатын қазақ тілді мамандар өте аз жұмылдырылады. Бұл мәселе жөнінде Ш. Құрманбайұлы былай деп жазады: «Ғылыми кадрлар мен жоғары білімді, қазақ тілді мамандар даярлауға басымдық берілуі тиіс. Заң тілінің кемшіліктерін уақтылы түзетіп, жетілдіріп, терминдер қорын дамытып отыру — заңгерлер мен тіл мамандарының кәсіби міндеті. Жоғары білікті қазақтілді заңгер мамандар заң мәтіндерін қазақша жазуға жаппай тартылмаса, өмір бойы осы аударманың соңында салпақтап жүре беретін боламыз» [10: 4]. Өте орынды айтылған пікір деп ойлаймыз. Заң қазақ тілінде қабылдану үшін мемлекеттік тілді жетік меңгерген білікті заңгерлер дайындауымыз қажет.

Осы мәселеге қатысты Ш. Құрманбайұлы тағы да келесідей пікір жазады: «...тағы бір мәселе, бұл — заң тілінің әркелкілігі және қолданыстағы терминдерді қолдануда бірізділіктің жоқтығы. Қазіргі жағдайда кейбір сөздер баламасының дұрыстылығы күмән туғызса, ал кейбір сөздердің аудармасы құлаққа тосын естіледі. Сондықтан заң терминдерінің бірыңғай үлгілерін қабылдау кезінде әр саланың мамандарын қатыстырып, ресми құжаттардың мемлекеттік үлгілерін қалыптастыру бойынша бірқатар мәселелерді кешенді түрде шешу қажет [11: 87].

Келесі маңызды мәселе заңдық терминдердің әртүрлі аудармасына жол бермеу үшін бірегей заңдық терминдердің үлгі сөздігін құрастыру қажет. Экономикалық қатынастардың екпінді дамуымен қоғамымызда құқықтық қатынастар да белсенді дамып жатыр, экономикамызға жаңа бизнес түрлері еніп жатыр, сонымен бірге жаңа шарттар жасалып, жаңа терминдер заңдарға енгізілуде. Сондықтан заңдардың қазақ тіліндегі сапасын көтеру мәселесін шешу қажет. Бұл жөнінде М.Ә. Әбдіревановтың пікірімен келісуге болады: «Ұлттық заңнамадағы терминдерді бір ізге түсіруіміз қажет. Ол үшін терминдерді ретке келтіріп алу керек. Содан соң халықаралық теорияның қазіргі принципіне сай терминдерді стандарттау және өзара үйлестіру жұмысы қолға алуды қажет ететін, кезең күттірмейтін үлкен міндет деп есептейміз» [12]. Бұл мәселені заңдық терминдердің бірегей сөздігін құрастыру, содан соң сөздікті жалпыға міндетті құқықтық акт ретінде қабылдау қажет деп санаймыз. Әйтпесе, ортақ стандартталған терминдер болмаған соң әр аудармашы өзінше аударумен айналысары хақ. Сөздікте шет тілінен енгізілген терминдерді аудару мүмкін емес, сөздің мағынасы өзгереді десек, сол қалпында қалдыру керек. Бұл құқыққолдануда заңгерлерді құқық нормасының мәнісін түсініп, қолдануға өте ыңғайлы болары сөзсіз.

### *Қорытынды*

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімінің мәтіні бойынша мемлекеттік тілдегі терминдерді азаматтық заңнамада қолдану мәселелерін талқылай келе келесідей қорытындыларға келеміз:

1. Азаматтық заңдардың мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету үшін заңдардың мәтіндеріне заңгер-мамандар лингвистикалық-құқықтық сараптама жүргізіп, қате аудармаларды айқындау қажет. Қате аударылған сөздер мен сөйлемдердің орнына дұрыс аудармаларын ұсыну, оларды бұқаралық ақпарат құралдарында талдау, мерзімдік басылымдарда жариялау арқылы талқыға салу арқылы осы мәселені шешуге болады.

2. Азаматтық заңнамадағы заңдық терминдердің дұрыс аударылуын қамтамасыз ету үшін оларды біріздендіру, стандарттау қажет деген ұсыныс беріледі. Заңдық терминдердің бірізділігін қамтамасыз ету үшін заңдық терминдердің мемлекеттік тілдегі үлгі сөздігін әзірлеу қажет. Осы орайда азаматтық заңдарға жүргізілген лингвистикалық-құқықтық сараптама нәтижелері авторлардың «Заңдық терминдердің бірегей қазақ тіліндегі сөздігін» құрастыруына негіз болады. Бұл сөздік заңдық терминдерді бірізділікке салып, бірдей қолдануға мүмкіндік береді. Заң жобаларын әзірлеу кезінде, азаматтық заңдарды оқыту процесінде оқу-әдістемелік құрал ретінде қолдануға болады.

3. Заңдық терминдердің көпшілігі ағылшын, француз, латын тілдерінен енгізілген, сондықтан дүниежүзі бойынша өзгертілместен қолданылып жүр. Сол себепті авторлар ұлттық заңнамада да шет тілінен енгізілген халықаралық заңдық терминдерді қазақ тіліне аудармай түпнұсқа түрінде қолдану

туралы пікірді айтады. Халықаралық заң терминдерін аударған жағдайда оның мағынасы өзгеріп, дәлме дәл сәйкес келе бермейді, екінші жағынан түрлі ұқсас синоним сөздерді қолдану арқылы заңның сапасын жоғалтып аламыз деген ой айтылады. Бұл тәжірибеде заңдарды қолдануда проблемалар туындатады.

*Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант № АР09259787)*

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 «Құқықтық актілер туралы». Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ Заңы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480>
- 2 Сүлейменов М.К. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі қалай жасалды [Электрондық ресурс] / М.К. Сүлейменов. — Қолжетімділік тәртібі: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31127673&pos=4;-88#pos=4;-88](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31127673&pos=4;-88#pos=4;-88)
- 3 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409 Кодексі [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_)
- 4 Мұсабаев Ғ.Ғ. Орысша-қазақша сөздік / Ғ.Ғ. Мұсабаев. — Алматы, 1998. — 1 т. — 574 б.
- 5 Русско-казахский словарь [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://sozdik.kz/ru/dictionary/translate/ru/kk>
- 6 Ахметжанова Т. Заң тілі қашан қазақшалады? / Т. Ахметжанова // Заң газеті. — 2013. — 2 қазан. — № 148. — Б. 4.
- 7 Ақылбекова Г.К. Ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізудің кейбір мәселелері [Электрондық ресурс] / Г.К. Ақылбекова. — Қолжетімділік тәртібі: <https://cyberleninka.ru/article/n/ylymi-lingvistikalyy-saraptama-zh-rgizudi-keybir-m-seleleri/viewer>
- 8 Асылбаев М.Б. Заңнамалық актілерді аударудағы кездесетін кейбір мәселелер [Электрондық ресурс] / М.Б. Асылбаев — Қолжетімділік тәртібі: <https://cyberleninka.ru/article/n/za-namaly-aktilderdi-audaruda-y-kezdeseetin-keybir-m-seleleri/viewer>
- 9 Сафуани Е.С. Нормативтік акт тілінің кейбір мәселелері [Электрондық ресурс] / Е.С. Сафуани. — Қолжетімділік тәртібі: <https://cyberleninka.ru/article/n/normativtik-akt-tilini-keybir-m-seleleri/viewer>
- 10 Құрманбайұлы Ш. Заң тілінің терминдер қорын дамытып отыру заңгерлер мен тіл мамандарының міндеті / Ш. Құрманбайұлы // Заң газеті. — 2012. — 20 қыркүйек. — № 141 (2149). — Б. 6.
- 11 Құрманбайұлы Ш. Терминтану: оқу құралы / Ш. Құрманбайұлы. — Астана, 2006. — 244 б.
- 12 Әбдіреева М.Ә. Заңнамалық актілер тілін жетілдіру туралы [Электрондық ресурс] / М.Ә. Әбдіреева. — Қолжетімділік тәртібі: <https://cyberleninka.ru/article/n/za-namaly-aktiler-tilin-zhetildiru-turaly/viewer>

Г.А. Ильясова, Р.А. Тоқатов

### **Проблемы применения терминов на государственном языке в гражданском законодательстве (по тексту Гражданского кодекса Республики Казахстан (Особенная часть))**

В статье обобщены результаты проведенной лингвистической экспертизы текстов Гражданского кодекса Республики Казахстан (Особенная часть) на государственном и русском языках. Целью проведения исследования являются выявление несоответствий в переводе юридических терминов, предоставление правильного перевода терминологии путем проведения сравнительной лингвистико-правовой экспертизы текстов на двух языках Гражданского кодекса РК (Особенной части) по реализации обеспечения аутентичности текстов нормативных правовых актов на казахском и русском языках в соответствии с частью 3 статьи 24 Закона РК «О правовых актах». Результаты экспертизы позволяют авторам составить «Унифицированный словарь юридических терминов на казахском языке». Большинство юридических терминов были введены с английского, французского, латинского языков и поэтому используются во всем мире без изменений. В связи с этим авторы высказывают мнение об использовании в национальном законодательстве юридических терминов, введенных с иностранного языка, в оригинальном виде без перевода на казахский язык. В случае перевода терминов международного права его значение искажается и не совпадает синхронно с другой стороны, высказывается мысль о том, что, употребляя различные сходные слова, мы теряем качество содержания закона. В заключение даны рекомендации относительно того, что для обеспечения правильного перевода юридических терминов в гражданском законодательстве необходимо их унифицировать и стандартизировать.

*Ключевые слова:* язык закона, перевод законов, юридическая терминология, аутентичность, Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть), казахский язык, юридическая техника, лингвистическая экспертиза.

G.A. Ilyassova, R.A. Tokatov

## Problems of using terms in the state language in civil legislation (according to the text of the Civil Code of the Republic of Kazakhstan (Special part))

The article summarizes the results of the linguistic examination of the texts of the Civil Code of the Republic of Kazakhstan (Special part) in the State and Russian languages. The purpose of the study is to identify inconsistencies in the translation of legal terms and provide the correct translation of terminology by conducting a comparative linguistic and legal examination of texts in two languages of the Civil Code of the Republic of Kazakhstan (Special part) to ensure the authenticity of texts of normative legal acts in Kazakh and Russian under part 3 of Article 24 of the Law of the Republic of Kazakhstan “On legal acts”. The results of the examination allow the authors to compile a “Unified dictionary of legal terms in the Kazakh language”. As most of the legal terms were introduced from English, French, Latin languages, they are used all over the world without changes. In this regard, the authors express their opinion about the use of legal terms of foreign origin in national legislation without translation into Kazakh. In the case of translation of terms of international law, its meaning does not coincide with the exact one, on the other hand, it is suggested that by using various similar words, we lose the quality of the law. In conclusion, the authors recommend that in order to ensure the correct translation of legal terms in civil legislation, it is necessary to unify and standardize them.

*Keywords:* language of law, translation of laws, legal terminology, authenticity, Civil Code of the Republic of Kazakhstan (Special part), Kazakh language, legal technique, linguistic expertise.

### References

- 1 «Quyqytq aktiler turaly». Qazaqstan Respublikasynyn Zany 2016 zhylygy 6 sauirdegi No 480-V QRZ [“On legal acts”. Law of the Republic of Kazakhstan of April 6, 2016 N 480-V LRK]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/eng/docs/Z1600000480> [in Kazakh].
- 2 Suleimenov, M.K. (2019). Qazaqstan Respublikasynyn Azamattyq kodeksi qalai zhasaldy [How the Civil Code of the Republic of Kazakhstan was developed]. *online.zakon.kz*. Retrieved from [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31127673&pos=4;-88#pos=4;-88](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31127673&pos=4;-88#pos=4;-88) 4 [in Kazakh].
- 3 Qazaqstan Respublikasynyn Azamattyq kodeksi (Erekshe bolim). Qazaqstan Respublikasynyn 1999 zhylygy 1 shildedegi No. 409 Kodeksi [Civil Code of the Republic of Kazakhstan (Special part). Code of the Republic of Kazakhstan N 409 of July 1, 1999]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409\\_4](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_4) [in Kazakh].
- 4 Musabaev, G.G. (1998). *Oryssha-qazaqsha sozdik [Russian-Kazakh dictionary]*. Almaty [in Kazakh, in Russian].
- 5 Russko-kazakhskii slovar [Russian-Kazakh dictionary]. *sozdik.kz/ru*. Retrieved from <https://sozdik.kz/ru/dictionary/translate/ru/kk> [in Russian].
- 6 Akhmetzhanova, T. (2013). Zan tili qashan qazaqshalanady? [When will the legal language be Kazakh?]. *Zan gazetі — Legal newspaper*, 148, 2 [in Kazakh].
- 7 Aqylbekova, G.K. (2019). Gylymi lingvistikalıy saraptama zhurgizudin keibir maseleleri [Some issues of conducting scientific linguistic expertise]. *cyberleninka.ru* Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/gylymi-lingvistikalıy-saraptama-zhurgizudin-keybir-m-seleleri/viewer> [in Kazakh].
- 8 Asylbayev, M.B. (2012). Zannamalyq aktilderdi audarudagy kezdesetin keibir maseleler [Some problems encountered in the translation of legislative acts]. *cyberleninka.ru*. <https://cyberleninka.ru/article/n/za-namaly-aktilderdi-audaruda-y-kezdesetin-keybir-m-seleleri/viewer> [in Kazakh].
- 9 Safuani, E.S. (2019). Normativtik akt tilinin keibir maseleleri [Some problems of the language of normative acts]. *cyberleninka.ru*. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/normativtik-akt-tilini-keybir-m-seleleri/viewer> [in Kazakh].
- 10 Kurmanbayevich, Sh. (2012). Zan tilinin terminder qoryn damytyp otyru zangerler men til mamandarynyn mindeti [It is the task of lawyers and linguists to develop the vocabulary of legal language]. *Zan gazetі — Legal newspaper*, 141 (2149), 1–4 [in Kazakh].
- 11 Kurmanbayevich, Sh. (2006). *Terminanu [Terminology]*. Astana [in Kazakh].
- 12 Abdreeva, M.A. (2015). Zannamalyq aktiler tilin zhetildiru turaly [On improving the language of legislative acts]. *cyberleninka.ru*. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/za-namaly-aktiler-tilin-zhetildiru-turaly/viewer> [in Kazakh].